



**Биыл – жыр алыбы**  
**Жамбылдың туғанына**  
**175 жыл. Осы орайда**  
**ақынның 150 жылдығы**  
**түсінде журналист**  
**жазушы Дәулет**  
**Сейсенұлының**  
**«Егемен Қазақстан»**  
**газетіндеги жариялаған**  
**мақаласын ұсынып**  
**отырмыз. Мақала**  
**қаламгердің «Ер**  
**қазақ» кітабынан**  
**алынып отыр.**

берілген тапсырма сол, соны  
 Жәкеңе барып айтып, сүйінші  
 сұрау.

- Бұл тапсырмага, әрине, қуанып  
 кеттік, деп жалғастыра түсті Кәкен  
 өз әңгімесін, Жәкең өзінің хатшысы  
 Қалмұқан Әбдіқадыровтың  
 үйінде жатыр екен. Қек шатырлы,  
 керікті үйге ентіге басып жеттік. Ар-  
 тынан естідік, бұл үйде бұрын  
 Сәкен Сейфуллин тұрылты. Бізді  
 қарсы алған Қалмұқан кішкене  
 кідіре туруымызды өтінді. Сейтсек,  
 Жәкең ескіше оқыған азырақ мол-  
 далығы бар Орынбай ақынды өзіне  
 қарсы тұргызып қойып, намаз оқып  
 жатыр екен.

«Сен жастаусың, даусың зор,  
 сондықтан құлағына естіріп айт»  
 деген соң мен намазын оқып бо-

20-21 мамыр аралығында, деп  
 жалғастырды ғалым өз әңгімесін,  
 осы шарага республика Жазушылар  
 одағы мен Алматы қалалық ке-  
 ңесінің мерекелік пленумы болып  
 етті. Пленумның алдында Сәбен  
 мені және шақыртып алды. Мұның  
 алдында партия катарынан шығары-  
 лып құғындалған Сәбен Семейге  
 келіп, педагогика институтында лек-  
 ция оқып жүрген шағында біздің  
 үйде жаткан. Соның қарымы ма,  
 әлде студент ақын деп қоллашта-  
 гандары ма, маган тағы бір жаупа-  
 тымыс тапсырылды.

Яғни, мерекелік пленумның  
 құрметті президиумының ұсыну маған  
 тапсырылды. Республиканың  
 бірінші басшы -

## ҰЛЫ ҰЛЫ ҚАДАНАН ҰЛАФАТ -

# ЖӘКЕНДЕ СҮЙІНШІ ХАБАР ЖЕТКІЗГЕН

галым Қайым Мұхамедханов сыр шертеді

Белгілі абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедханов ағамыздың аратура біздің тілшілер қосына телефон шаптатыны бар. Осы жолы аманды-саулық сұрасып болған соң, бұдан алпыс жылға жуық уақыт бұрын жыр алыбы Жамбылмен алғаш қалай кездескендігі жайында әңгімелеп бергіс келетінін айтқан.

Біз, әрине, білікті ғалымның бұл тілегін куана қабылдадық. Енді ше? Бұғандегі сексеннің сеніріне шығып отырған Қайым аға көненің көзі, бұрынғылардың сарқыты емес пе? Бұғандегі 150 жылдық мерейтойты тойланғалы жатқан Жәкендең көзімен көрген шешіре қарттар саусақпен санараптайды, оның үстіне Қекен жыр алыбын көзімен көріп қана қоймай, лебізін тындал, онымен тіл қатысу мүмкіндігін иеленген ғой. Сондықтан мұндай әңгімені естуге қайтіп құмартассың!

Жәкең үйіне келісілген уақытта келсек, ғалым жұмыс үстінде екен. Анада, сексен жылдыры тойланған шакта келгендімізде той даңғазасынан шаршап қалған сыңайда еді. Қазір тіфа-тіфа, тіліміз тасқа, жузі тәуір, қаламы қоюнда, Тек көзін өндіртіп жұмыс жасауға қолды байларап отырғанына қиналатын секілді.

Өзі солай дей түрғанмен, әңгіме арасында біраз шаруаны еңсеріп тастағаны аңғарылып қалды. «Абайдың ақын шекірттері» атты құрделі еңбегінің тертінші кітабын баспаға даярлап болып қалса; солай деменде нөдерсің!

Оның бер жағында ғалым келесі бір сөз кезеңінде бүкіл дүйім жүртшылықта айқайлатып бір сүйінші әңгіменің шетін шығарып қалған. Яғни, бұған дейін ұлы Абайдың жағадан 15 өлеңін тауып, әр жылдарда шыққан жинақтарына егізген Жәкең енді осы жуырдаған ақынның екі өлеңін іздел тауып алған көрінеді. Бұл енді өркениетті елдерде ерекше бір оқиға, яғни сенсация ретінде бағаланаады. Ал біз кейде, тіпті көбіне мұндай оқиғаның өзіне керенаудық танытатынымыз өтірік пе?!

Сонымен таяу күндерде қалың оқырман қауым ұлы Абайдың жаңа-

дан табылған жырлары және ол туралы Қайым ағаның түсіндірмеге мақаласымен танысатын болады. Ал енді өзірге аңсан келген әңгімелізге көшсек...

‘1938 жылы бергісі республика-мым, әрісі сол кездегі одақ бойынша Жәкенің әдеби қызметінің 75 жылдығы қеңінен атап өтілді, деп бастады ағамыз өз әңгімесін. – Мен онда педагогика институтының студентімін. Сол жылы осы мәселемен Семейге өз сезімен айтқанда «қәдемі Қебит Мұқанов» келе қалды. Сол тұста облыстық газетте жыр алыбы Жамбылға арналған жергілікті ақындар влендері бүркүрап шығып жатты. Сәбенің міндегі солардың ішінен таңдаулысын ірікте, Жәкең тойына қатысатын жеңілпаздарды анықтау екен. Мен де шекесіне поэма деп айғалайтып айдар тағып, өзімше бір дүниелік жазған едім. Сол дүниелігім бірінші орын алғанмен, қазірде оны поэма деуге аузым бармайды.

Өйткені, ішінде ешқандай сюжет жоқ нәрсениң қайтіп поэма дерсінде. Қойши, қонымен не керек, дүбірлі тойға өлі студент болсам да мен де қатысатын болдым.

Арада алпыс жылға жуық уақыт етсе де, Жәкең жыр алыбының әдеби қызметінің 75 жылдығына арналған халық ақындары мен жыршыларының слетті сол жылдың 18-19 күндері өткендігін, оған алпыс шакты ақын, Мәскеу, Ленинградтан, одақтар республикалардан арнайы қонақтар келіп қатысқанын, слетте ұлы Мұханың – Мұхтар Әуезовтың «Жамбыл және халық ақындары» деген тақырыпта баяндама жасағанын, Саяділ, Үмбетай, осы тойға Семейден өзімен бірге барған Сапарғали сыңды халық ақындарының Жәкеңе арнап өлең оқығанының да ұмытпалты.

- Сол шакта, дейді ол, “Мәскеуден Жәкеңе Ленин, ордені берілетіндегі туралы хабар келді. Ресми Жарлық ертен шығады деген күні бізді, бір топ жас ақындарды республика Жазушылар одағының басшысы Сәбен өз кабинете шақыртып алып, делегация жасақтады. Бізге

лып, жайғасып отырған Жәкеңе жақындаш мән-жайды өзімше түсіндірген болып, сүйіншіті хабарды жеткізіп жатырмын. Алдында бір нағраданы иеленіп үлгерген Жәкең бұл хабарға ана айтқандай еллідей қойған жоқ. Қайта қасындағы Орынбай ақынға: «Осының өзі ана дүниеге барғанда қалай болар екен» деп бір қойды. Кейінен Жәкең Әулиеата қаласына өз есімін бергенде де мастанудың орнына, көне заманда өткен Әулие атадан өлеңмен кешірім өтінгені де есімізде. Соған қарап Жәкендең иманы таза діндар адам болған деп есептеймін. Сол шақта оны күнделікті саясатқа қолдан арапастырып қойған өзіміз ғой. Нагыз талант саясаттан жоғары тұрады. Сондықтан Жәкең туралы сез қозғағанда бұрынғысынша бір жақты кетпей, шындықты айтқан жән.

Мәселен, сол жылы ол біздің «Сізге ұлы Сталин сәлем жолдан жатыр» дегенімізге де лысқырақ қоймай, керісінше “халықтар кесемін” өзінің үйренишкіті бояузы сезімен бір сыйкыртқан Жәкең сүкі мұрт, сұсты жүзді Сталиннен де соншалықты сескене қоймайтынын аңғартқан,

Жәкең солай деп бір сәт үнсіз қалды. Жас та болса, өзі де күе болған сүркія саясат, сүркай тірлік еріксіз есіне оралып, жүзін мұн торлады. Іле сәт өтпей жадырлап сала берді. Оның да себебі жоқ емес екен. Сол жолы Жәкең бұл жас ақындарды табанастында сұрыпты айтқан небір тамаша өзіл-қалжын жыр шумактарымен қарық қылыпты.

Соның қайсыбірін жатқа соққан Жәкеннің жадына қайтіп таңырқа-массыны!

Сол күні Жәкенмен жүздесеміз деп Қалмұқаның үйінә жергілікті басылымдардың билігінде қалыпты. «Правда», «Известия» сектілді орталық газеттердің тілшілері қаптап кетті, дейді Қайым аға, Біздің Жәкендең ортага алып түсін суретіміз ертеңінде «Лениншіл жас» газетінде жарқ етіп шыға келді. Жәкең оны осы газеттің Редъко деген фототілшісі түсірғені де ұмытпалты.

Сы Мирзоян соның алдында Мәскеуге шақырылып, жолда қамауға алынған. Сәбен мені одан кейінгі басшы Ораз Исаевпен таныстырып, жаңағы жұмысты маған сеніп тапсырғанын баяндап жатыр. Бәрі жабыла келіп, «мына жерде үзіліс жасап тоқтасың, ейткені сол жерде қол соғылады» деп қайта-қайта пысықтаған сайын жауапкершілік жүгі ауырлай түседі. Айтқандай, құрметті президиумға Сталиннен бастап сайлау жөнінде ұсыныс енгізгенімде, әй, кемі жарты сағат қол соғылды ау деймін. Соңан соң барлық ақындар Жәкендең барып құшақтады. Мен өлеңімді оның қолына табысадым. Осы пленумда Мұхан «Жамбыл творчество және қазақ поэзиясы» деген тақырыпта тағы да баянда ма жасады.

Ертесінде, яғни 23 мамырда сол кезде «Ерназар» колхозы деп аталағынан Жәкеннің ауылына бардық. Мұнда да ақындар оған арналған өлеңдерін оқыды. Ал Жәкеннің өзі болса Фордоусидің «Шахнамасынан» үзінділерді жатқа соққаны есімде қалыпты.

1940 жылдан республика Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданған Жәкең бұдан кейін сол Жазушылар одағының жынын, съездерінде, 1943 жылы өткен халық ақындарының алғашқы республикалық айттысында Жәкендең жүзбе-жүз болмаса да сырттай сан мerte көріп жүріпти. Бұдан кейін 1946 жылы 6-13 шілде аралығында өзелі астанада, соңан соң тұған ауылында жалғасқан жыр алыбының жүзжылдық тойына және қатысудың сәті түсіпти.

Бұғандегі тұған әдебиетіндегі абайтану саласының бірден бір белгілі атанип отырған Жәкеннің сол ұлы ақынның тұстасы ұлы жыраумен кездесіп, дидарласуы, одан кейінгі жерде жас алшактығына қарамастан тағы бір ұлымен – Мұханмен сирлас, жолас болуы да бір ганибет шаруа ғой. Сондықтан да Жәкеңде әңгіме-естелік деген жеткілікті. Бұйыртса оны да ести жатармыз. Құдай соған жазсын дейміз!

«Егемен Қазақстан» 28 маусым, 1995 жыл